**«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Жетісу облысының фтизиопульмонология орталығы» МКК қызметкерлерінің қатысуымен өткен жиналыс хаттамасы**

**Талдықорган қаласы** **16 маусым 2025 жыл**

Қатысқандар: Жетісу облысының фтизиопульмонология орталығының директоры А.Заханова, бөлме меңгерушілері, орта буын медициналық және әкімшілік – шаруашылық бөлімінің қызметкерлері.

**Күн тәртібінде:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет

**Комплаенс – офицер Б.Ахметжанова:** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті болып табылады.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі, сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі.

Нақтылап айтатын болсақ, жемқорлықпен күрес әр қайсымыздың азаматтық паразымыз.

Мемлекетіміздің Ата Заңында көрсетілгендей Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Өз кезегінде құқықтық мемлекет дегеніміз өзінің негізгі институттары ретінде билік бөлінісін, сот тәуелсіздігін, басқару заңдылығын, мемлекеттік билік тарапынан азаматтардың құқығы бұзылуына жол бермеуді және оған қоғамдық мекеме тарапынан тигізілген залалдың құнын өтеп алуды қарастыратын мемлекет.

Яғни, заңға бағыну, оның талаптарын бұзбау, заңбұзушылық орны алған жағдайда ол үшін жауаптылық көзделгенін, түптеп келгенде әр бір іс әрекетіміз Заң аясында жүзеге асатындығын білдіреді.

Сондықтан, әр қадамымыз заңнамамен реттелуі қажет, туындаған мәселенің де заңмен шешілуі тиіс екенін ұмытпағайсыздар.

Жемқорлыққа жол бермеуді, оның алдын алуды, оған әкеліп соғатын іс әрекеттерді көрген - білген жағдайда комплаенс – офицеріне не болмаса тиісті құзіретті органдарға жүгінулеріңіз қажет.

**Төрағалық етуші** **А. Заханова**

**Комплаенс - офицер** **Б.Ахметжанова**